

# Тау тұлғалы – Таңатқан палуан



**Қазақстанның абсолюттік чемпионы, атақты палуан, жерлесіміз - Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВТІҢ туғанына - 120 жыл толуына орай естелік кеш өтті.**

Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыз 1899 жылы бұрынғы Торғай оязы, Шұбалаң болысы, Жаркөл ауылында дүниеге келген. Табиғатынан берілген тауды қопарардай қайраты бабамызды елге кеңінен танымал етті. Даңқты жерлесіміз жайлы «Рухы биік тұлға» аталған шараны ұйымдастырған қаламыздағы № 2 Облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы, «Өнер» бөлімінің меңгерушісі Әлия Қарсақбайқызы жиылғандарға кеңінен мәлімет берді. - «Бала палуан» атанып жүрген ол 1911 жылы әкесіне еріп Қонды жәрменкесіне барғанда «Балуан шалақты» көріп, батасын алыпты. 1923 жылы ұрпақтары Сатыбалды ишан мазарын тұрғызып, атасына ас бергенде атақты Мейрамхан палуанмен белдесіп, алғашқы ресми сыйлығын алады. 1927 жылы Құлжан би балалары өткізген тойда Оралдан Ақанбай палуан арнайы іздеп келіп белдескен. 1928 – 1929 жылдардағы жаппай тәркілеу кезінде ағайындарымен көршілес Аманкелді ауданына қоныс аударып, Бүйректал, Мойылдыдан тұз тасып, астыққа айырбастап, әулетінің аман қалуына септігін тигізеді. 1930 жылы жазықсыз жаламен Ақтөбе қаласында түрмеге қамалып, арғынша Сібірге айдалады. Жолда пойыз жүрісін баюлатқанда терезесінен секіріп, туған еліне аман – сау оралады,

- деп палуанның сан қилы өмір жолын баян етті.

Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыздың ерлікке бергісіз өмірі ұрпаққа өнеге. Ол кісі жасының келгеніне қарамай, боз кілемге шығып, «мен мықты» дегендердің талайының мысын басқан. Атап айтсақ, 1944 жылы Аманкелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына орай өткен жиында атақты Төкен палуанды жығып, бас бәйгені иеленеді. 1946 жылы қазақша күрестен Алматыда өткен жарыста Республика чемпионы атанады. Одан кейінгі жылдары «Батпаққара жолбарысы» атанған Сәлман, Әлмағанбет, Сары палуандармен белдескен. 1950 жылы 51 жастағы егде тартқан шағында қазақша күрестен Қостанайдағы іріктеу жарыстарында бәрін жеңіп, Алматыдағы ақтық бәсекелерде 28 палуанды тізе бүктіріп, Қазақстан мен Орта Азия чемпионының алтын тәжін киген.

1941 – 1945 ж. ж. екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және одан кейінгі жылдарда «Жаңа тұрмыс», Калинин атындағы ұжымшарларда ферма меңгерушісі болады. Ол кісінің қоғамдық жұмыстардың да бел ортасынан табылатын белсенді болғаны тарихтан белгілі. Таңатқан ДҮЙСЕКЕЕВ атамыз кезінде ауыл жастарын ұйымдастырып, «Бестамақ» көпірін салған. Өзі домбыра да тартқан. Осындай «жеті қырлы, бір сырлы» атамыздың өмір жолы жайында студенттерге кеш қонақтары: өлкетанушы, Орекен Алматылы, інісі Сапар Шәріпұлы, ақын Молдатай Жапарұлы кеңінен әңгімеледі.

Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ